

# Жаңа Заң – жаңа белес, үлкен міндет

Мұғалым – барша сала мамандықтарына қарағанда, ең жиі ең ізгілікті мамандықтың бірі. Себебі басты міндет, әрі маңызды мәселе – еліміздің ертеңі болып саналатын жас ұрпаққа теріс білім мен сапалы тәрбие беру. Ұлт алыбы Бауыржан Момышұлының "Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақты ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбек-қор-егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді" дегеніндей, ертеңгі ел тұтқасы болар жас буынды тәрбиелеу міндеті ұстаздар қауымына жүктелген. Қоғамда атаулы мамандық иесінің мәртебесі нақтыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев "Педагог мәртебесі туралы" Заңға қол қойды. Бұл құқықтық құжат ұстаздың ұрпақ санасын білім нәрімен нұрландырушы маман ғана емес, ұлттың тағдырына өсер етуші жауапты тұлға екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Құжат 6 тарау мен 21 баптан тұрады. Кіріспе бөлімнен бастау алып, кейінгі тараулар педагог мәртебесін айқындауға, педагогтың құқықтары, міндеттері, педагогтың біліктілігін арттыру, оны қайта даярлауға арналып, қорытынды бөліммен тәмамдалған.

Заң білім беру ұйымдарының барлық деңгейінде, оның ішінде



қосымша және арнайы білім беру ұйымдарының саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуді, сондай-ақ ұлттық және халықаралық тәжірибені ескере отырып, білім заңнамаларындағы құқықтық ағаттықтарды жою арқылы педагог қызметінің өзекті әлеуметтік және кәсіби мәселелерін тиімді шешуді қамтамасыз ететін құқықтық тетікті жетілдіру мақсатында әзірленген.

Қабылданған "Педагог мәртебесі туралы" Заң білім саласында қызмет атқаратын барлық мамандар үшін маңызды, әрі зор міндет жүктемек.

**Сейітбек ҚУАНЫШБАЕВ,**  
г.ғ.д, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры.

Арқалық қаласы.